

Бексеитова Р.Т.,  
Қожалимов Ғ.

**Жамбыл облысы Жуалы  
ауданын ландшафттық  
картографиялау**

Мақала Жамбыл облысындағы Жуалы ауданы көлемінде ландшафттардың иерархиялық жіктелу ұстанымдары негізінде, олардың карталарын құрастыру, ГАЗ технологияларын пайдалана отырып аумақтың таулы және жазықтық өңірлердің гипсометриялық, топырақ, өсімдік, геоморфологиялық, және ландшафттық карталарды құрастыру әдістерін қарастырған. Қазіргі кездегі жер бедері, геоморфологиясы мен өсімдігі және топырағына сипаттама беріліп, ландшафттық картасы құрастырылды. Жуалы ауданының ландшафттық картасы, ауданның ауыл шаруашылық саласында маңызды.

**Түйін сөздер:** Жуалы ауданы, біртекті территория, геологиялық негіз, ландшафт, картография.

---

Bekseitova R.T.,  
Kozhalimov G.

**Landscape mapping  
of the area Zhualy  
of Zhambul oblast**

The purpose of the work consists in the study of landscape in Zhambul region of Zhualy district, and also the study and distinction of area. On the basis of geographical study area and location of the area geological – geomorphological descriptions, to analyze the influence of hypsometric and geomorphological characteristics on landscape, at the same time, technologies were built of map hypsometric ground plant and soil collection – of information on enterprises of and its processing – using of GIS technology in mapping landscape in district on the basis of satellite imagery and mapping of landscape and its important. Construction of spatial – visual models of landscape mapping in the district of Zhualy.

**Key words:** landscape, homogeneous territory, geological structures, Zhualy district, cartography.

---

Бексеитова Р.Т.,  
Кожалимов Ғ.

**Ландшафтное  
картографирование  
Жуалинского района  
Жамбылской области**

В статье рассмотрены вопросы исследования Жуалинского района Жамбылской области. Благодаря современным ГИС-технологиям были построены гипсометрические, грунтовые, растительные, геоморфологические и ландшафтные карты. На основе географического изучения и спутниковых снимков области и района, а также местоположения района и геолого-геоморфологического описания, построены гипсометрические карты в районе Жуалы. Построения ландшафтных карт Жуалинского района имеют важность в сельском хозяйстве.

**Ключевые слова:** ландшафт, однородная территория, геологическое строение, картография, Жуалинский район.

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ  
ЖУАЛЫ АУДАНЫН  
ЛАНДШАФТТЫҚ  
КАРТОГРАФИЯЛАУ****Кіріспе**

Әлемнің көптеген өркениетті елдерінде, әсіресе Ресей ғалымдарының белсенді ізденістерінің нәтижесінде, бүгінгі таңда, ландшафттарға бейімделген егіншілік пен малшаруашылығы жүйелерінің ғылыми-теориялық тұғырнамасы және оларды іс жүзіне асырудың әдістемелік жолдары жасалып шықты. Кейінгі кезде, бұл бағыттағы ғылыми зерттеу жұмыстары Қазақстанда да қолға алынып, олардың нәтижелері баспа беттерінде де жарық көре бастады. Бұлардың басым көпшілігі айдалған жерлердегі егіншілік жүйесін жаңа тұрғыда қалыптастыруға арналған.

Осы ақпараттарды және ландшафттарға бейімделу бағытындағы еңбектерді талдай келе, осы жүйе малшаруашылығын да бейімдеу мүмкіндігіне де мол жол ашатындығына, бұл мәселелерді ландшафттану тұрғысынан шешуге болатындығын көрсетті. Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін Кеңес Үкіметі заманындағы Қазақстан аумағындағы мал шаруашылығындағы келеңсіз мәселелерді мүмкіндігімізше талдап, оларды болдырмау жолдарын қарастырып, ландшафттарға бейімделген ауыл шаруашылық саласындағы ақпараттар жүйесіне қосуға болады. Жоғарыда баяндалған мәселелерді ландшафттану ғылымының тұрғысынан түсіндіру, мұны іс жүзінде көрсету үшін Жамбыл облысы Жуалы ауданының ландшафттық картасы құрастырылды [1].

**Зерттеу нысаны**

*Жуалы* – Жамбыл облысының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан әкімшілік аумақтық бөлініс. 1928 жылы құрылған. Алғашында Шымкент (қазіргі Оңтүстік Қазақстан) облысы құрамында болған. 1951 жылы Жамбыл облысының құрамына кірді. Жер аумағы 4,2 мың шаршы шақырым. Тұрғыны 52,3 мың адам (2009 жыл). Аудандағы 52 елді мекен 15 ауылдық әкімшілік округке біріктірілген. Орталығы – Б.Момышұлы (бұрынғы Бурное) ауылы. Бауыржан Момышұлы ауылы – облыс орталығы Тараз қаласынан шамамен 60 шақырым жерде орналасқан. Ауданда халық біркелкі орналаспаған. Халқының орташа тығыздығы жалпы аудан бойынша 1 километрге 14,9 адамнан келетін болса, орта бөлігінде 30 адамнан, солтүстігінде 7 адамнан

келеді. Ауданның негізгі тұрғындары қазақтар. Бүгінде олар жалпы тұрғынның 74 пайызын құрайды. Қалғаны орыстар, украиндар, немістер, әзірбайжандар, түріктер, шешендер және басқа ұлт өкілдері. Елді мекендері көбінесе темір жол бойында орналасқан. Ірі ауылдары Б. Момышұлы, Көлбастау, Қайрат, Нұрлықент, Күреңбел, Шақпақата, Қарасаз [2].

### Нәтижелері мен талдау

«Ландшафт» деген термин алғашында жер бетіндегі барлық құбылыстардың бір-бірімен байланысын, әртүрлі құбылыстардың ерекшеліктерін көрсету үшін қолданылған. Ландшафт басты жеті құраушы компоненттерден, яғни тау жыныстары, жер бедері, климат, су, топырақ, өсімдік және жануарлар әлемінің өзара бір-бірімен тығыз байланысқан, бір-біріне тәуелді бірліктерінен тұратын жүйе [3].


Ландшафттанудың ерекшеліктері басқа ғылымдармен салыстырғанда зерттеу нысандарының, элементтерінің түрлілігімен сипатталады. Сонымен қатар, олардың сапалылығының, шығу тегінің (гетерогенді) түрлілігімен, уақыт (гетерохронды және тетрахронды) және масштаб ерекшеліктерімен ерекшелінеді. Сондықтан да, зерттеу әдісін таңдау кезінде, үнемі жүйелі бақылау жүргізіп, түзетулер енгізіп тұру қажет. Ландшафт ішіндегі кеңістікті - уақыттық және функционалды қатынастағы үлгі ландшафттық карта болып саналады. Үлгілердің қажеттілігіне сәйкес ландшафттық карта келесілерден тұрады:

- 1) үлгіленетін нысанға сай;
- 2) қарапайымырақ;
- 3) мақсатты.

Үш бағыт зерттеу мақсатына сай болуы керек, трансляциялық және эвристикалық функцияларды орындай алатындай болуы керек. Айтылған қажеттіліктердің картаға сәйкестігін «картаның ақиқаттылығы» деп сипаттауға болады. Яғни, қойылған міндеттерді орындай алатын картаның кешенді қасиеті. Картаның ыңғайлылығы ақпараттандырылуына, нақтылығына, жаңалылығына, анықтығына, картаның безендірілуіне және тағы басқа факторларға байланысты. Ландшафттың морфологиялық құрылысын Н.Н. Солнцев енгізген нақты, анық пішінде көрсету ландшафттық үлгінің негізгі міндеті деп атаған [4].

Ландшафттық картографиялаудың көптеген әдістері генетикалық бірлік ұстанымына негізделген. Мәніне қарай типологиялық және генетикалық әдістер белгілі территорияға әсер ететін табиғи дифференциациялық құбылыстарға байланысты нақты шешімдер ұсынады.

Шаруашылықты жүргізу кезінде ландшафттың морфологиялық бірліктерімен жұмыс істеуге тура келеді. Ландшафттардың морфологиялық бірліктері, мысалы жазықтық немесе таулы далалық, жергілікті табиғат ерекшеліктерімен байланысты ұсақ табиғи кешендерді құрайды. Ландшафт дегеніміз – біріншіден, нақтылы территориялық бірлік; екіншіден – элементарлы географиялық бірліктерден тұратын күрделі геожүйе; үшіншіден – геожүйелер иерархиясының негізін қалайтын жүйе. Ландшафттардың генетикалық, морфологиялық айырмашылықтары ландшафттардың халық шаруашылығында пайдаланылуы мен игерілу деңгейінен көрінеді. Бұл ландшафттардың қосымша, жанама диагностикалық қасиеттеріне жатады, олардың экологиялық және қорлық потенциалын анықтайды [5].



Сурет – Жуалы ауданының ландшафттық картасы

## Қорытынды

Мақала жазу барысында әртүрлі масштабтағы дифференциацияланған ландшафттық карталарды құрастыруға арналған ГАЗ технологиялары мен ғарыштық түсірілімдердің оларға сәйкестелінген кеңістіктік дәлдігін көрсететін оңтайлы нұсқалары таңдалып алынды. Салыстырмалы ізденістердің нәтижелерінде караталарды құрастыруға ArcGIS бағдарламасы қолданылды.

Заманауи бағдарламаларды қолдану арқылы зерттеу нысанының 1:200000 масштабтағы гипсометриялық, топырақ, өсімдік, геоморфологиялық, және ландшафттық карталары құрастырылып, олардың негізінде Жуалы ауданының

ландшафттық картасының қағаз бетіндегі және электрондық нұсқалары жасалынды (Сурет) [6].

Ландшафттарға бейімделген егіншілік жүйесі мен малшаруашылығы жүйесі туралы түсінікті салыстырмалы сипатталды. Осылардың нәтижесінде, Жамбыл облысы Жуалы ауданының жайғасқан территориясының табиғи сипаттамасы беріліп, зерттеу нысанын физикалық-география тұрғысында талдау жүргізу іске асты. Демек, осы принциптерді ұстана отырып, зерттелетін аймақтың ландшафттарының контурын анықтадық. Жуалы ауданындағы ландшафттардың жалпы саны 30 екені белгілі болды, бұл өз кезегінде ауылшаруашылық саласын жүйелі түрде дамытуға үлкен серпіліс бермек.

## Әдебиеттер

- 1 Тараз. Жамбыл облысы: Энциклопедия: // Бас редактор Аяған Б.Ф. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. – 2003. – Б. 27-38.
- 2 Байдалиев Д.Д. Жуалы өлкесінің ежелгі тарихы. – Алматы: Атамұра баспасы. – 2005. – Б.11-18.
- 3 Солнцев Н.А. Формы упорядоченности физико-географической поверхности земли. – М.: Мысль, 2009. – Б.38-58.
- 4 Солнцев Н.А. Системная организация ландшафтов проблемы и методология. – М.: Мысль, 1981. – 224 б.
- 5 Солнцев Н.А. О морфологии природного географического ландшафта. // Вопросы географии. – М.: Мысль, 1949. – № 16. – Б.61-86.
- 6 Хрюкин В.Т. Бондаренко Г.Е. Чесалова Е.И. Геоинформационные технологии // Материалы международной конференции. ГИС в геологии. – М.: Мысль. 2002. – Б.97-98.

## References

- 1 Taraz. Zhambyl oblisy Encyclopedia: // Bas redaktor Ayagan B.G. – Almaty, Qazaq entsiklopediyasy. – 2003. – B. 27-38.
- 2 Baydaliev D.D. Zhualy olkesinin ezhelgi tarihy. – Almaty: Atamura baspasy. – 2005. – B.11-18.
- 3 Solntsev N.A. Formy uporyadochennosti fiziko-geograficheskoy poverxnosti zemly: – M.: Mysal, B.38 - 58.
- 4 Solntsev N.A. Sistemnaya organizatsiya landshaftov problemy i metodologiya. – M.: Mysal, 1981, – 224 b.
- 5 Solntsev N.A. O morfology prirodnogo geograficheskogo landshafta. // Voprosy geografii. – M.: Mysal 1949. № 16. – B.61-86.
- 6 Khriukin V.T. Bondarenko G.E. Chesalova E.I. Geoinfarmasinnie texnology // Materialy mejdunarodnoy konferensy. GIS v geology. – M.: Mysal. 2002. – B.97-98.